

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ  
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»  
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ**

030900 Ойыл селосы Амангелді көшесі №4, Телефон 2-11-31

E-mail: [baldyrgan@uil-raioo.edu.kz](mailto:baldyrgan@uil-raioo.edu.kz)

Бұйрық №12

Ойыл ауданы


03.09.2023ж

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»

ҚР БҒМ 11.05.2020ж №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»  
бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нда Педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына келесі педагогтар қосылсын:  
Кеңес төрағасы: Калиева А.М – педагог-психолог  
Кеңес мүшелері: Толыбаева Ш.Р – әдіскер  
Сисенгалиева Б.Т-тәрбиеші  
Өтегенова Р.І-тәрбиеші  
Жолбаева Г.Е-кәсіподақ мүшесі  
Абдрахманова Г.Д-тәрбиеші  
Баймұханова С.Б-тәрбиеші
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып Байманова Ардак Гафуровна тағайындалсын.
4. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Байманова А.Г  
-кеңестің жұмыс жоспарын:  
-кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп, дайындасын.
5. Кеңес мүшелерінің құрамы, Педагогикалық әдеп кеңесінің қызметі туралы ереже педагогикалық кеңестің отырысында бекітілсін.
6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның меңгерушісі:  А.К. Бисебаева

Бұйрықпен таныстым: 

Байманова А.Г



Бекітемін:

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Меңгерушісі: А.К. Бисебаева



**2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары**

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде</b> 1. Педагогикалық әдеп және замануи тәрбие. 2. Педагогтың кәсіби имиджі және экологиялық мәдениеті.	Қазан 2023 жыл	Хаттама
2	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде</b> 1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті: сенімді орта қалыптастыру. 2. Қоғамдық ортада педагогтың үлгілік мінез-құлқы және құндылықтар жүйесі.	Желтоқсан 2023 жыл	Хаттама
3	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде</b> 1. Кәсіби әдеп нормалары: педагог жауапкершілігі және балаға бағытталған көзқарас. 2. Қиын жағдайларды шешудегі педагогтың этикалық ұстанымы.	Ақпан 2024 жыл	Хаттама
4	<b>Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы.</b> <b>Күн тәртібінде</b> 1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы: үсдіксіз ізденіс және өзін –өзі жетілдіру. 2. Әдептілік пен экологиялық сана-сапалы тәрбиенің негізі.	Сәуір 2024 жыл	Хаттама

## «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

### Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

#### № 1 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 19 қазан 2023 жыл

#### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбие кеңес төрайымы: А.М

Калиева

2. Педагогтың кәсіби имиджі және экологиялық мәдениеті кеңес мүшесі

әдіскер: Ш.Р Толыбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы: А.М Калиева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысында «Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбие» тақырыбы қарастырылады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде педагогикалық әдеп – тәрбие сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Заманауи тәрбие беру үдерісінде педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар балаға үлгі болатын тұлға.

Педагогикалық әдеп – бұл мұғалімнің кәсіби мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті, жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Ол білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуға негіз болады.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Негізгі қағидаттары – әділдік, әдептілік, ашықтық және объективтілік.

Заманауи тәрбие беру жағдайында педагогтың басты міндеті – **баланың** тұлғалық дамуына жағдай жасау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіру, сонымен қатар экологиялық **сана** қалыптастыру.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшесі әдіскер: Ш.Р Толыбаева

Педагогтың кәсіби имиджі – оның сыртқы келбетімен қатар, **ішкі** мәдениеті мен кәсіби шеберлігінің көрінісі.

Бүгінгі таңда педагогтың имиджі тек ұқыпты киіну ғана емес, сонымен бірге оның сөйлеу мәдениеті, өзін ұстауы, балалармен қарым-қатынасы арқылы қалыптасады.

Экологиялық мәдениет – «Жасыл балабақша» жобасының маңызды бағытының бірі. Педагог табиғатқа жанашырлықпен қарап, балаларға экологиялық тәрбие беруде үлгі болуы тиіс.

Тәрбиешінің сыртқы келбетіне қойылатын талаптар:

- \* Киім үлгісі – ұқыпты, қарапайым, классикалық стильде;
- \* Түстері – сабырлы, көзге жағымды;
- \* Макияж – табиғи, ұстамды;
- \* Аяқ киім – ыңғайлы және қауіпсіз;
- \* Жалпы келбет – сенім тудыратын, эстетикалық жағымды болуы тиіс.

Сонымен қатар педагог өз іс-әрекеті арқылы экологиялық мәдениетті насихаттауы қажет:

- \* табиғатты қорғауға бағытталған іс-шараларға қатысу;
- \* балаларға экологиялық әдеттерді үйрету;
- \* ресурстарды үнемді пайдалану.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрайымы: А.М Калиева



Құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогикалық әдептің заманауи тәрбие жүйесіндегі маңызы және педагогтың кәсіби имиджі мен экологиялық мәдениеті жан-жақты қарастырылды.

Әр педагог өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби әдебін сақтап, балаларға үлгі бола білуі тиіс. Сонымен қатар «Жасыл балабақша» жобасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Кеңес шешімі:

1. «Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбие» бағыты бойынша педагогтардың жұмысын жетілдіру қолға алынсын.
2. Педагогтардың кәсіби имиджі мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру және дамыту жүйелі түрде жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева  
Хатшы:  А.Г Байманова

## «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

### Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

#### № 2 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 12 желтоқсан 2023 жыл

#### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті: сенімді орта қалыптастыру

кеңес төрайымы: А.М Калиева

2. Қоғамдық ортада педагогтың үлгілік мінез-құлқы және құндылықтар жүйесі

кеңес мүшесі: Г.Д Абдрахманова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы А.М Калиева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті және сенімді орта қалыптастыру мәселесіне тоқталамыз. Педагогикалық қарым-қатынас – бұл тәрбие мен білім берудің негізі болып табылады. Баламен, ата-анамен және әріптеспен дұрыс қарым-қатынас орнату – педагогтың кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіші.

Сенімді орта қалыптастыру үшін ең алдымен педагог баланың жеке тұлғасын құрметтеп, оның пікірін тыңдай білуі қажет. Балалармен қарым-қатынаста жылы сөз, қолдау көрсету, түсіністік таныту – олардың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналармен ашық әрі сенімді байланыс орнату – білім беру сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі. Әрбір педагог өз іс-әрекетінде сыпайылық, төзімділік, сабырлылық танытып, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға үлес қосуы тиіс.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Д Абдрахманова сөз алды:

Педагогтың қоғамдық ортадағы мінез-құлқы – оның кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігі. Әр педагог тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамда да үлгі боларлық тұлға болуы тиіс.

Қоғамдық орындарда, түрлі іс-шараларда, сондай-ақ әлеуметтік желілерде педагог өз мәртебесіне сай мәдениеттілік пен әдептілікті сақтауы қажет. Педагогтың сөйлесу мәнері, өзін-өзі ұстауы, адамдармен қарым-қатынасы оның кәсіби деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар педагог ұлттық және адамгершілік құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. «Адал азамат» қағидаттарын ұстана отырып, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді өз бойында қалыптастырып, оны тәрбиеленушілерге үлгі етуі қажет.

Педагогтың кез келген ортадағы тәртібі мен іс-әрекеті балаларға тікелей әсер ететінін ескере отырып, әрдайым өзін бақылауда ұстап, жоғары мәдениет үлгісін көрсету маңызды деп қорытындылаймын.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: А.М Калиева

Құрметті кеңес мүшелері және қатысушылар!



Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті және педагогтың қоғамдық ортадағы мінез-құлқы кеңінен қаралды. Педагог әрқашан өзінің кәсіби әдебін сақтап, сенімді орта қалыптастыруға және қоғамда үлгі болуға міндетті.

Айтылған ұсыныстарды негізге ала отырып, әр педагог өз жұмысында қарым-қатынас мәдениетін жетілдіріп, мінез-құлқына, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және сенімді орта құру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

2. Педагогтардың қоғамдық ортадағы үлгілік мінез-құлқы және құндылықтар жүйесін сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева  
Хатшы:  А.Г Байманова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 16 ақпан 2024 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Кәсіби әдеп нормалары: педагог жауапкершілігі және балаға бағытталған көзқарас кеңес төрайымы: А.М Калиева

2. Қиын жағдайларды шешудегі педагогтың этикалық ұстанымы

кеңес мүшесі тәрбиеші: Г.Е Жолбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы А.М Калиева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста кәсіби әдеп нормалары, педагогтың жауапкершілігі және балаға бағытталған көзқарас мәселелері қарастырылады. Педагогтың кәсіби әдебі – оның күнделікті іс-әрекетінде көрініс табатын маңызды қасиет.

Педагог әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның құқықтарын құрметтеуі тиіс. Балаға бағытталған көзқарас – бұл оның қажеттіліктерін түсіну, қабілеттерін дамытуға жағдай жасау және қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру.

Педагог өз қызметінде жауапкершілік, әділдік, адалдық қағидаттарын басшылыққа алуы қажет. Әрбір қабылданған шешім баланың мүддесіне сай болуы тиіс. Сонымен қатар педагог өз ісіне кәсіби тұрғыдан қарап, үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруы қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: Г.Е Жолбаева сөз алды:

Педагогтың кәсіби қызметінде түрлі қиын жағдайлар кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда педагог ең алдымен сабырлылық танытып, мәселені этикалық тұрғыдан дұрыс шешуі қажет.

Қиын жағдайларды шешуде педагог баланың психологиялық жағдайын ескеріп, оның намысына тимейтін, құрметке негізделген тәсілдерді қолдануы тиіс. Қақтығыстарды шешуде ашық әңгіме, түсіндіру, қолдау көрсету маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар ата-аналармен және әріптестермен туындаған мәселелерде де педагог өз әдептілігін сақтап, кәсіби шекараны бұзбай, дұрыс шешім қабылдай білуі қажет.

Педагог кез келген жағдайда эмоцияға берілмей, әділдік пен адамгершілік қағидағтарын ұстануы тиіс деп қорытындылаймын.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: А.М Калиева


Құрметті кеңес мүшелері және қатысушылар!


Бүгінгі отырыста педагогтың кәсіби әдеп нормалары, жауапкершілігі және қиын жағдайларды шешудегі этикалық ұстанымы жан-жақты қаралды.

Әр педагог өз қызметінде балаға бағытталған көзқарасты ұстанып, кез келген жағдайда сабырлылық пен әдептілікті сақтауы тиіс. Айтылған ұсыныстарды негізге ала отырып, өз жұмыстарыңызда тиімді қолдануларыңызды сұраймын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау және балаға бағытталған көзқарасты қалыптастыру жұмыстары күшейтілсін.
2. Қиын жағдайларды шешуде педагогтардың этикалық ұстанымдары басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева

Хатшы:  А.Г Байманова

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 17 педагог

Өткізілген күні: 15 сәуір 2024 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы: үздіксіз ізденіс және өзін-өзі жетілдіру

кеңес мүшесі тәрбиеші: Р.І Өтегенова

2. Әдептілік пен экологиялық сана – сапалы тәрбиенің негізі

кеңес мүшесі тәрбиеші: С.Б Баймұханова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі тәрбиеші: Р.І Өтегенова сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогтың жеке тұлғалық дамуы, үздіксіз ізденісі және өзін-өзі жетілдіру мәселесі қарастырылады. Қазіргі заман педагогы тек білім беруші ғана емес, үнемі дамып отыратын, жаңашыл, шығармашыл тұлға болуы тиіс.

Педагогтың кәсіби өсуі – оның өз бетінше білімін жетілдіруі, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруі, тәжірибе алмасуы арқылы жүзеге асады. Үздіксіз ізденіс – сапалы білім мен тәрбие берудің кепілі.

Сонымен қатар педагог өзін-өзі дамыту арқылы өзінің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Жауапкершілік, сабырлылық, креативтілік, жаңашылдық – қазіргі педагогқа тән негізгі қасиеттердің бірі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші: С.Б Баймұханова сөз алды:

Әдептілік пен экологиялық сана – қазіргі тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. Балаларға сапалы тәрбие беру үшін педагог ең алдымен өзі әдептілік пен мәдениеттіліктің үлгісін көрсетуі тиіс.

Экологиялық сана – табиғатқа деген сүйіспеншілік, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғи ресурстарды қорғау дағдыларын қалыптастыру. Педагог балаларға экологиялық мәдениетті қалыптастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет: бақылау, тәжірибе, табиғатпен тікелей

байланыс, экологиялық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға болады.

Әдептілік пен экологиялық тәрбиені ұштастыра отырып, біз саналы, жауапкершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелей аламыз деп қорытындылаймын.

Қорытынды сөз.


Құрметті кеңес мүшелері және қатысушылар!


Бүгінгі отырыста педагогтың жеке тұлғалық дамуы және экологиялық сананы қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Әр педагог үздіксіз ізденіс үстінде болып, өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Сонымен қатар әдептілік пен экологиялық тәрбиені ұштастыра отырып, балаларға дұрыс бағыт-бағдар беруіміз қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Әдептілік пен экологиялық сананы қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы:  А.М Калиева

Хатшы:  А.Г Байманова